

КЕЛІСІЛДІ

«Қарағанды қаласы
білім бөлімі» ММ
басшысы
_____ Е. Әшім

«___» _____ 2023 жыл

БЕКІТЕМІН

«№1 балалар көркемөнер
мектебі» КМҚК
директоры
_____ Г. Калышева

«___» _____ 2023 жыл

**Қарағанды қаласы (Сарайлар, Үйлер, Орталықтар) балалардың
қосымша білім беру ұйымы көпсалалы СҚӨ мен бейнелеу өнері
бөлімдері мен өнер мектебінің көркемөнер бөлімдері, балалар
көркемөнер мектебі оқушылары үшін бейнелеу өнері бойынша
«Жас суретші» қалалық олимпиаданың
ЕРЕЖЕСІ**

1. Жалпы ереже

1.1. Осы Ереже Қарағанды облысы (Сарайлар, Үйлер, Орталықтар) балалардың қосымша білім беру ұйымы көпсалалы СҚӨ мен бейнелеу өнері бөлімдері мен өнер мектебінің көркемөнер бөлімдері, балалар көркемөнер мектебі оқушылары үшін бейнелеу өнері бойынша «Жас суретші» қалалық олимпиаданың мақсаты мен міндеттерін, өткізілу тәртібін, баға өлшемдерін, жеңімпаздарды марапаттау тәртібін анықтайды.

1.2. Олимпиада келісілген жұмыс жоспары бойынша өткізіледі: «Қарағанды қаласы білім бөлімі» ММ, Қарағанды қ. «№1 балалар көркемөнер мектебі» КМҚК

1.3. Олимпиаданы ұйымдастырушылар «Қарағанды қаласы білім бөлімі» ММ қолдауымен Қарағанды қ. «№1 балалар көркемөнер мектебі» КМҚК.

2. Олимпиаданың мақсаты мен міндеттері

2.1. Олимпиаданың мақсаты:

- Қарағанды қаласы (Сарайлар, Үйлер, Орталықтар) балалардың қосымша білім беру ұйымы көпсалалы СҚӨ мен бейнелеу өнері бөлімдері мен өнер мектебінің көркемөнер бөлімдері, балалар көркемөнер мектебі оқушыларының практикалық сабақтардың сапасын арттыру;

2.2. Олимпиаданың міндеттері:

- өнерде дарынды балаларды анықтап, қолдау, бейнелеу өнері саласын одан әрі дамытуға және кәсіби бағдарлауға қызығушылықты сақтау;
- оқушылардың шығармашылық белсенділігін арттыру;
- оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту және жүзеге асыру үшін қосымша жағдайлар жасау;
- балалар көркемсурет мектептерінің, көркемсурет мектептерінің өнер бөлімдерінің және балаларға қосымша білім беретін көпсалалы ұйымдардың көркем-шығармашылық өнер бөлімдерінің оқу-тәрбие процесін жетілдіру.

3. Олимпиадаға қатысушылар

3.1. Олимпиадаға қатысушылар: Қарағанды қаласы (Сарайлар, Үйлер, Орталықтар) балалардың қосымша білім беру ұйымы көпсалалы СҚӨ мен бейнелеу өнері бөлімдері мен өнер мектебінің көркемөнер бөлімдері, балалар көркемөнер бөлімдерінің келесі жас санаттары бойынша оқушылар:

- 9-11 жас
- 12-14 жас
- 15-17 жас

1 педагог – қатысушыны дайындап әкеледі. **Әр ұйымнан-3 қатысушыдан, әр жас санатынан.**

4. Олимпиаданы ұйымдастырып өткізу

4.1. Олимпиада **2023 жылдың 02 қарашасында** өтеді.

4.2. Олимпиадаға қатысу үшін **2023 жылдың 30 қазанына дейін** (қоса алғанда) ұйымдастыру комитетіне міндетті түрде ұйым басшысының қолымен көрсетілген өтінімді ұсыну керек e-mail:konkurs_art_school@mail.ru.

4.3. Олимпиадаға қатысушылар ұйымдастыру комитетіне міндетті түрде көрсетілген өтінім-анкетасын тапсырады: олимпиаданың атауы, білім беру ұйымының толық атауы; оқушының толық аты-жөні, қатысушының жасы, педагогтың толық аты-жөні, жетекшінің байланыс деректері, білім беру ұйымының E-mail (1 Қосымша).

4.4. Қатысушыларды тіркеу **9.30 с.**

4.5. Олимпиаданың тапсырмасын орындау уақыты: **10.00 нан 13.00 дейін.**

4.6. Барлық сұрақтар бойынша Қарағанды қ. Әлиханов көшесі, 19 үй (2 қабат) тел./факс: 8 (7212) 42-42-54 «№1 балалар көркемөнер мектебі» КМҚК ұйымдастыру комитетіне хабарласуға болады.

5. Талаптар мен бағалау критерийі

Әр қатысушы білуі керек:

5.1. «**Ұлттық нақыштағы сәндік натюрморт**» тақырыбы бойынша графикалық материалдарды (қара лайнер, қара және түсті маркерлер, фломастер) пайдалана отырып, белгіленген уақытта жұмысты аяқтаңыз.

5.2. Орындау техникасы – сәндік, А3 жұмыс форматы (ақ немесе тонирлі).

Бағалау критерийі:

Олимпиадаға қатысушылардың жұмыстарын қазылар алқасы келесі критерийлер бойынша бағалайды:

- кескінді парақ форматында композицияны орналастыру;
- тұжырымдаманың өзіндік ерекшелігі және орындау техникасын меңгеру;
- орындаудың көркемдік деңгейі;
- жұмысты тұтастай аяқтау.

6. Олимпиаданы қортындылау

- 6.1. Олимпиаданы дайындау мен өткізуге тікелей басшылық жасау үшін қазылар алқасының құрамын бекітетін, қорытындысын шығаратын және жеңімпаздарды марапаттайтын ұйымдастыру комитеті құрылады.
- 6.2. Олимпиадаға қатысушылардың жұмыстарын қазылар алқасы 5 тармақтың талаптарына сәйкес бағалайды.
- 6.3. Олимпиада қорытындысы арнайы хаттамамен ресімделеді, қазылар алқасы мүшелерінің қолымен расталады.
- 6.4. Олимпиаданың барлық қатысушылары сертификаттармен марапатталады, қазылар алқасының мүшелері жоғары бағалаған жұмыстардың авторлары «Түрлі-түсті графика», «Ақ-қара графика» номинациялары бойынша I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталады; Олимпиада жеңімпаздарының жетекшілері алғыс хаттармен марапатталады.
- 6.5. Қазылар алқасы байқау номинацияларын анықтау құқығын өзіне қалдырады.
- 6.6. Олимпиаданың нәтижелері іс-шара аяқталған күні жарияланады.
- 6.7. Марапаттау материалдары 10 күн ішінде көрсетілген электрондық поштаға жіберіледі.

Қосымша 1

«Жас суретші» бейнелеу өнері бойынша қалалық олимпиадаға қатысу өтінім-анкетасы

(ұйымның атауы)

№ к/с	Қатысушының ФАӘ	Жасы	Жетекшінің ФАӘ	Жетекшімен байланыс дерегі
1				

Білім беру ұйымының e-mail.

Білім беру ұйымы басшысының қолы

Орындаушының ТАӘ және байланыс телефоны

